**6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Бозсары қотырот *(Scabiosa ochroleuca* L.) шөбінен жаңа фитопрепараттардың фармацевтикалық негіздемесін жасау» тақырыбында диссертациялық жұмысты орындаған PhD докторант Арайлым Бейбитқызы Мукановаға**

**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

Муканова Арайлым Бейбитқызы докторантураға түскен алғашқы күндерден бастап диссертациялық жұмысты орындауға құлшына кірісіп, барлық кезеңдерде ізденіс жұмыстарын өз бетінше орындап отырды.

«Бозсары қотырот *(Scabiosa ochroleuca* L.*)* шөбінен жаңа фитопрепараттардың фармацевтикалық негіздемесін жасау» тақырыбын таңдау, негіздеу мәселелерін жан – жақты зерделеп, тақырыпты бекітуге дайындап, бекіту барысында өз ойларын тұжырымдап жеткізіп, нәтижесінде диссертациялық тақырыбы бекітілгеннен кейін Муканова Арайлым Бейбитқызы диссертациялық жұмысты жүргізу бойынша жоспарды құрастырып, жоспардағы іс-шараларды тиісті мерзімдерінде орындап отырды. Зерттеу жұмыстарының барысында жоспарға өзгерістер енгізіп, зерттеуді кеңейтіп, тереңдетіп отырды.

Ізденуші жоспарланған тақырып бойынша әдебиеттерден ақпараттарды жинақтап, жан – жақты талдап, диссертациялық жұмыстың өзектілігін, зерттеу мәселелерін деректеді. Диссертациялық жұмысты орындау барысында ізденуші табандылықпен, қажырлылықпен үлкен көлемдегі зерттеулерді жүргізді.

Диссертациялық жұмыс орындау барысында эксперименттік жұмыстарды жүргізуде, диссертация мәтінін жазуда, диссертациялық жұмысты рәсімдеуде, нормативтік құжаттарды қалыптастыруда, жұмыс нәтижелерін пратикаға енгізуде ізденуші ғылыми жұмысты орындауға қажетті қабілеттерін танытып, жұмысты жоғары деңгейде жауапкершілікпен орындап шықты.

Муканова Арайлым Бейбитқызы докторантурада оқу жылдарының әр кезеңінде жүргізілген зерттеулер бойынша есеп беріп, комиссияда баяндай отырып, пікірталастар нәтижесінде айтылған сын-пікірлермен жұмыс істей отырып, диссертацияның сапасын жақсартып отырды.

Қорыта келгенде, ізденуші Муканова Арайлым Бейбитқызы диссертациялық жұмысты орындау барысында өзін білікті, білімді ғылыми қызметкер ретінде қалыптастырды және 6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге лайық.

**Ғылыми кеңесші:**
**фармацевтика ғылымдарының докторы,**
**КеАҚ «Қарағанды медицина университеті»**
**Фармация мектебінің профессоры** **Р.М. Абдуллабекова**